

# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ ЖҮРГІЗГЕН МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМ НӘТИЖЕСІ

Пікіртерім жүргізілген күндер: 2026 жылғы 13 - 19 мамыр

Респондент саны: 16

(AERC, Alatau City Bank Analytics, Alatau City Invest, BCC Invest, Citigroup, Halyk Finance, ING, NAC, АКРА, Еуразиялық Даму Банкі, Еуразиялық тұрақтылық және даму қоры, Еуразиялық экономикалық комиссия, Ренессанс Капитал, Фридом Финанс, Экономикалық зерттеулер институты, Эксперт РА)

Пікіртерім нәтижесі (респонденттер болжамының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәні көрсетілген):

Көрсеткіш	2025 (факт)	2026	2027	2028
<b>Brent маркалы мұнай бағасы</b> бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орташа есеппен	69,1	<b>86,1</b> (80,0)	<b>75,0</b> (70,0)	<b>70,5</b> (70,0)
<b>ЖІӨ</b> %, ж/ж	6,5*	<b>4,9</b> (5,0)	<b>4,7</b> (4,6)	<b>4,3</b> (4,3)
<b>ТБИ</b> %, желт. өткен жылдың желт.	12,3	<b>10,0</b> (10,0)	<b>8,0</b> (8,6)	<b>6,8</b> (7,0)
<b>Базалық мөлшерлеме</b> жылдық %, жыл соңына	18,0	<b>16,0</b> (15,9)	<b>12,8</b> (13,3)	<b>10,6</b> (11,3)
<b>Тауарлар мен қызметтер экспорты</b> жылына млрд АҚШ долл.	90,1	<b>95,0</b> (98,0)	<b>95,5</b> (96,5)	<b>101,0</b> (100,6)
<b>Тауарлар мен қызметтер импорты</b> жылына млрд АҚШ долл.	80,3	<b>83,3</b> (83,0)	<b>88,0</b> (85,8)	<b>94,3</b> (89,3)
<b>USD/KZT бағамы</b> жылына орта есеппен	521,6	<b>498,8</b> (515,0)	<b>531,5</b> (532,5)	<b>562,5</b> (550,0)
<b>Бейтарап базалық мөлшерлеме**</b> жылдық %		<b>9,8</b> (10,0)		
<b>ЖІӨ-нің ұзақмерзімді өсуі***</b> %, ж/ж		<b>4,5</b> (4,4)		
<b>5 жылдан кейінгі инфляция</b> %, ж/ж		<b>5,4</b> (5,5)		

**МҰНАЙ БАҒАСЫ.** Респонденттердің Brent маркалы мұнай бағасы бойынша болжамдары бүкіл болжамды кезеңде қайта қаралды. Ең елеулі өзгерістер 2026 және 2027 жылдарға арналған болжамдарға қатысты болды. 2026 жылға арналған медианалық бағалау баррель үшін 80,0 АҚШ долларынан **86,1** АҚШ долларына дейін, ал 2027 жылға арналған бағалау 70,0 АҚШ долларынан **75,0** АҚШ долларына дейін көтерілді. 2028 жылға арналған болжам баррель үшін 70,0 АҚШ долларынан **70,5** АҚШ долларына дейін аздап өзгертілген.

\* ЖІӨ – 2025 жылғы қаңтар-желтоқсан кезеңі бойынша алдын ала деректер

\*\* Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақтауын қолдайтын базалық мөлшерлеме

\*\*\* 5 жыл ауқынында әлеуетті ЖІӨ өсуінің күтілетін орташа қарқыны

**ЖІӨ.** Экономикалық өсуге қатысты бағалаулар айтарлықтай өзгерген жоқ. 2026 жылға арналған болжам 5,0%-дан **4,9%**-ға дейін сәл төмендеді. Ал 2027 жылға қатысты күтулер, керісінше, 4,6%-дан **4,7%**-ға дейін жоғарылады. 2028 жылға арналған болжам бұрынғы **4,3%** деңгейінде сақталды.

**ТБИ.** Орта мерзімді кезеңде респонденттердің инфляцияға қатысты күтулері біршама жақсарды. 2026 жылға арналған болжам **10,0%** деңгейінде сақталды. 2027 және 2028 жылдарға арналған бағалаулар тиісінше 8,6%-дан **8,0%**-ға және 7,0%-дан **6,8%**-ға дейін төмендеді.

**БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ.** Респонденттердің 2026 жылдың соңындағы базалық мөлшерлемеге қатысты бағалауы 15,9%-дан **16,0%**-ға дейін аздап түзетілді. 2027 жылдың соңына арналған медианалық бағалау 13,3%-дан **12,8%**-ға дейін, ал 2028 жылдың соңына арналған бағалау 11,3%-дан **10,6%**-ға дейін төмендеді.

**ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ.** Сарапшылардың экспортқа қатысты болжамдары біршама ұстамды бола түсті. 2026 жылға арналған бағалау 98,0 млрд АҚШ долларынан **95,0** млрд АҚШ долларына дейін, 2027 жылға арналған бағалау 96,5 млрд АҚШ долларынан **95,5** млрд АҚШ долларына дейін төмендеді. Сонымен қатар 2028 жылға арналған болжам аздап жақсарып, бұрынғы 100,6 млрд АҚШ долларының орнына **101,0** млрд АҚШ долларын құрады.

**ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ.** Талдаушылардың импорт көлемі бойынша болжамдары бүкіл болжамды кезеңде жоғары қарай қайта қаралды. 2026 жылға арналған бағалау 83,0-ден **83,3** млрд АҚШ долларына дейін аздап көтерілді. 2027 және 2028 жылдарға арналған бағалаулар тиісінше 85,8-ден **88,0** млрд АҚШ долларына және 89,3-тен **94,3** млрд АҚШ долларына дейін едәуір көтерілді.

**USD/KZT БАҒАМЫ.** 2026-2027 жылдарға арналған теңге бағамы бойынша күтулер жақсарды. 2026 жылға арналған медианалық болжам теңгенің нығаюы бағытында қайта қаралып, 515,0 теңгеден **498,8** теңгеге дейін төмендеді. 2027 жылға арналған бағалау да аздап жақсарып, 532,5 теңгеден **531,5** теңгеге дейін төмендеді. 2028 жылы USD/KZT бағамы жыл бойынша орта есеппен **562,5** теңге деңгейінде күтіледі (бұған дейін – 550,0 теңге).

**БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ.** Базалық мөлшерлеменің мәні, яғни ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляция мен инфляциялық күтулерді мақсатты деңгейде, ал ЖІӨ-ні әлеуетті деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік беретін деңгей – талдаушылардың бағалауы бойынша – **9,8%** (бұрын – **10,0%**).

**ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ӨСУІ.** Респонденттер 5 жыл шегінде әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын **4,5%** деңгейінде бағалап отыр (бұрын – **4,4%**).

**5 ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ ИНФЛЯЦИЯ.** Сауалнама жауапкерлерінің бағалауы бойынша, 5 жылдан кейінгі мерзімде инфляция мақсатты деңгейге жақын болып, шамамен **5,4%** құрайды (бұрын – **5,5%**).

**Болжамдар диапазонының** кең болуы және жекелеген макроэкономикалық көрсеткіштердің әртүрлі бағытта өзгеруі талдаушылар бағалауында белгісіздіктің сақталып отырғанын көрсетеді. Жақын кезеңде мұнай бағасы бойынша күтулердің жақсаруы теңге бағамына қатысты неғұрлым қолайлы болжамдармен ұштасып отыр. Сонымен қатар сыртқы сауда бойынша алғышарттар біршама әлсіреді. Ішкі экономикада ЖІӨ бойынша болжамдар тұрақты сақталғанымен, инфляциялық қысым біртіндеп бәсеңдейді деп күтіледі. Бұл базалық мөлшерлеменің неғұрлым төмен траекториясына кеңістік қалыптастырады.